

Кәсіби бағдар берушінің атқарған жұмыстары бойынша сараптама

Кәсіби бағдар жұмысының мақсаты: оқушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру.

Кәсіптік бағдар беру жұмыс жоспары бойынша "Мен мамандықты таңдаймын" естендіткі ақпараттық материалдармен толықтыру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау.

«Менің болашақ мамандығым» атты сурет сайысы. Сурет сайысы 5-7 сынып оқушыларының мамандық бейнесін бейнелеп, әрлеп, түрлі бояулармен ерекшелен бейнелеуі бойынша салынды. Мақсаты: сурет салуды ұнататын оқушылардың қатарын анықтау. Мамандықтарға сипаттама бере

отырып, қыр-сырын ашу.

Кәсіби бағдар бойынша 2024-2025 оқу жылының қазан айында 9-11 сынып оқушыларының бейінін анықтау бойынша сауалнамалар алынды. Мақсаты: кәсіби бағдарлы 9-11 сыныптардың жыл басындағы бейінін анықтау және бағдары бойынша ақпарат алу.

Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушылары кәсіби

бағдар беру мақсатында кентіміздің полиция бөліміне экскурсия барды. Полиция майоры А. Кенжебаев оқушыларға полиция бөлімінің жұмысымен, міндетімен, қызметтерімен таныстырып, әр лауазымдағы полиция қызметкерлерінің отан алдындағы борышын атап өтті. Мақсаты: оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу.

"Жастардың кәсіби бағдары" жергілікті мекемеге саяхатқа бару тақырыбында Акадыр кентінің "Қамқор Локоматив-Транс кәсіпорнына оқушылармен экскурсия жасалды. Мақсаты: Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру.

Мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» іс-шарасы ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны 10-11 сынып оқушылары өткізіп, аталған жұмыстарды жоғары деңгейде атқарып шықты. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі ролінде ойнаған балалар ұстаздардың жұмысының қаншалықты ауыр әрі маңызды екенін түсініп, аталған жұмыстың жауапкершілігін сезінді.

"Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында Астана қаласының қашықтан білім беру бойынша Onai Bilim платформасының ресми өкілі Гүлден Төлеуқұлқызымен онлайн түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 1. Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша шекті баллдар, мамандықтар, мемлекеттік грант конкурсы, бейінді пәндер бойынша ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ бөлімінің математика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Орымбетов Самғат Аманкулович, Е.А.Бокетов Қарағанды университетіне 11 сынып оқушыларын оқуға түсуге шақырып, университеттің мамандықтары мен біліктіліктеріне таныстырылым жұмыстарын жүргізді. "Мұғалім болу- мақтаныш" бейінді жобасының жоба қатысушылары, "Еңбегі адал жас өрен", жобасы, "Өсемдік әлемі" эстетикалық сауаттылығы апталығы аясында Ақадыр кентінде орналасқан "Балбөбек" бөбекжайына экскурсияға

барды. Мақсаты: оқушылардың мамандық тандауда жауапкершіліктерін қалыптастыру, оқушылардың мамандық түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Орталық Қазақстан Академиясының өкілі Токтабеков Е.Ж 11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Орталық Қазақстан академиясы- жоғары білікті мамандарды дайындайтын университет. Кәсіптік бағдар жұмыс жоспары бойынша "Мамандықтың маңызы" тақырыбында ата- аналар жиналысы өтті. Мақсаты: оқушылар мен ата-аналарға оқушының мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету. Ата-аналарға жеткіншектердің болашақ мамандықты өз бетімен тандауға мүмкіншілік беруін түсіндіру. Кәсіптік бағдар жұмыс жоспары бойынша "Мамандықтың маңызы" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: оқушылар мен ата-аналарға оқушының мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету. Ата-аналарға жеткіншектердің болашақ мамандықты өз бетімен тандауға мүмкіншілік беруін түсіндіру. Шет ауданы ТЖБ Бастығы азаматтық қорғау подполковнигы ЖАПАРОВ М.С, ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау капитаны Тұрсынбеков С.К, ҚР ТЖМ азаматтық қорғау академиясына оқуға шақырып, оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жұмысшы мамандықтар жылы, «Медицинаға қадам», "Еңбегі адал -жас өрен" жобалары аясында жоба қатысушылары жергілікті ауруханаға экскурсияға барды. Аурухананың тәжірибелі маманы Мусайыпов Айбек Бекұланұлы алғашқы медициналық көмек көрсетудің қыр-сырын меңгертіп, жаңа медициналық технологияларымен таныстырды. Сондай-ақ, түрлі төтенше жағдайларда адамға көмек көрсетудің заманауи әдістерін үйренді. Бұл іс-шара оқушылардың медициналық білімдерін кеңейтіп, болашақ мамандықтарын тандау жолында маңызды тәжірибе болды.





Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің" өкілі Хайрулин И.М кәсіби бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.Кездесу барысында колледжде оқытылатын мамандықтары, мемлекеттік грант конкурсы, шәкірт ақы, жатақхана туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. "Қаржы әлемі" қаржылық сауаттылық апталығы аясында 11-сынып оқушылары Халық банк АҚ Ақадыр 25-орталық дербес бөлімшесінің меңгерушісі Хамзина Перизат Бекижанқызымен кездесті. П.Б.Хамзина банктік қызметінің негізгі түрлері мен функцияларын таныстырып өтті. Сонымен қатар, қалай табысты банкир болудың қыр-сырымен бөлісті. Мақсаты: оқушылардың мамандыққа деген кәсіби қызығушылығын арттыру және банктік қызметпен таныстыру.

"Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында кәсіптік бағдар жұмыс жоспары бойынша 9 -сынып оқушылары "Ақадыр кенттік өрт сөндіру" бөліміне экскурсияға барды. Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдау барысында бағыт-бағдар беру. Кәсіби бағдар беру жұмыс жоспары бойынша, "Еңбегі адал -жас өрен" жобасы аясында 7 "Б" сынып оқушыларымен "Мамандық.Бұл не?" интеллектуалды ойыны өтті. Мақсаты: оқушыларға мамандық туралы мағлұмат беру, қазіргі заман талабына сай мамандықтарын кеңінен таныстыру. Қарағанды облысы,Шет ауданы мектептерінің 9 сынып оқушылары арасында "Еңбегі адал -жас өрен" жобасы аясында өткен "JasSkills" өңірлік кәсіби шеберлік чемпионатында "Ауыл шаруашылық техникасын жөндеу және пайдалану", "CAD Инженерлік графика", "Дәнекерлеу ісі", "Ветеринария " құзыреттіліктері бойынша жеңімпаздар І,ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды. Ю.А.Гагарин атындағы мектеп - лицейінде Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі, Шет агротехникалық колледждерінің өкілдері кәсіби бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.Кездесу барысында колледжде оқытылатын мамандықтары, мемлекеттік грант конкурсы, шәкірт ақы, жатақхана туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Кәсіптік бағдар беруші

А.Серикпаева